

Бекітемін:

Құлсары қаласы КМҚК «Жауқазын»

бөбекжай-бақшасының меңгерушісі:

Уразова М.Н.

« 01 » 09 2023жыл.

Келісемін:

Құлсары қаласы КМҚК «Жауқазын»

бөбекжай-бақшасының әдіскері:

Шамганова С.О.

« 01 » 09 2023жыл.

Атырау облысы білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің
«Жауқазын» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі

тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде

2023 -2024 оқу жылына арналған Қазақ тілі

ұйымдастырылған іс-әрекеттің

перспективалық жоспары.

МАД тобы: «Толағай»

Қазақ тілі маманы: Танатарова Ж. Е.

Құлсары қаласы.

2023-2024 оқу жылы.

«Атырау облысы білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Жауказын» бөбекжай бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы.

Түсінік хат

Мектепке дейінгі тәрбиелеу-білім беру қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес іске асырылады. (ҚР БҒМ 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы). Ұйымдастырылған іс-әрекет «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» (ҚР БҒМ 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы) арқылы жүзеге асырылады. Үлгілік бағдарлама мазмұнын іске асыру тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша физикалық дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, шығармашылық дағдыларын зерттеу, іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Тәрбиелеу – білім беру процесі:

- Перспективалық жоспарға.
- Циклограммаға.
- Бала дамуының мониторингі арқылы іске асырылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ҚР БҒМ 2012 жылғы 20-желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгертулер енгізуіне байланысты, ҚР БҒМ 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығының 1, 2, 3 қосымшалары ұйымдастырылған іс-әрекетін ұйымдастыруға қолданылады. Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады.
- МАД тобы – 5 жастағы балалар.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жалпы көлемі:

№	Білім беру саласы	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Қазақ тілі	Апталық жүктеме
1	МАД топ балалары үшін (5 жас)			2 сағат
2	Ұйымдастырылған іс-әрекетінің ұзақтығы			25-30 минут

ҮОБ және Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023/2024 оқу жылына арналған ҰІӨ перспективалық жоспары
(мектепалды топ)

Білім беру ұйымы: КМҚК «Жауказын» бөбекжай-бақшасы.
Жоспардың құрылу кезеңі: (айды, жылды көрсету) Қыркүйек айы. 2023-2024 оқу жылы.
Балалардың жасы: 5 жас.
МАД тобы: «Толағай»

№	Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
1	Қыркүйек	Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы сөздерді қолдануға үйрету. Сөздік қор. Өнім атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сөйлеудің грамматикалық құрылымы. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетіне үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге үйрету.
2	Қазан	Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Сөздік қор. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Байланыстырып сөйлеу. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.
3	Қараша	Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Туыстық қарым-қатынасты ("бауыр", "немере", "шөбере", "ағайын", "туысқан", "жеті ата") білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Сөздік қор. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу. Байланыстырып сөйлеу. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетіне үйрету.

4	Желтоқсан	Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Сөздік қор. Өнімдердің, ыдыс-аяқ, жияз, жеміс, көкөніс, жануарлардың, құстардың, адам денесінің бөліктерінің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу. Қаралайым сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу, диалогқа қатысу қабілетін дамыту
5	Қытап	Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды тандай білу. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Сөздік қор. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Байланыстырып сөйлеу. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, "Асар", "Сүйінші сұрау" дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.
6	Ақпан	Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу және артикуляциялық аппараттарды, тыныс алуды және нақты дикцияны дамытуды жалғастыру. Сөздік қор. Заттардың белгілерін (түсі, мөлшері), заттармен іс-әрекеттерді білдіретін сөздерді түсіну және айту қабілетіне үйрету және оларды ауызекі тілде қолдану. Байланыстырып сөйлеу. Өзі туралы (аты-жөні, жасы), отбасы туралы айту, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасау үшін қажетті сөздерді айту дағдыларын қалыптастыру (Сәлеметсіз бе? Сауболыңыз! Рахмет!)
7	Наурыз	Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, аң аулайтын орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. Сөздік қор. Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кебеже, сандық, кілем, сырмақ), аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға) сөздермен толықтыру. Байланыстырып сөйлеу. Қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.

8	Сөйлеу	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Баланың өзін-өзі тануына жағдай жасау, қоршаған ортаға қызығушылығын дамыту: балабақшаға, топқа ондағы балалармен ересектерге сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру. Сөздік қор. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.
9	Мамыр	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру. Сөздік қор. Бұйымдар, ыдыс-аяқ, жиһаз атауларын дұрыс айту арқылы балалардың сөздік қорын байыту жұмыстарын жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу. Мұғалім үлгісі бойынша ойыншықтар мен суреттер туралы шағын әңгіме құрастыру дағдысын жетілдіру.